



Үкімет отырысы

## Қасым-Жомарт Тоқаев: БІЗГЕ ТОҚМЕЙІЛСУТЕ БОЛМАЙДЫ

Бюджет қаржысы бірінші кезекте халықтың және мемлекеттің өзекті мәселелерін шешуге бағытталады. Ал автокөлік сатып алу, әкімшілік ғимаратқа жөндеу жүргізу және басқа да сән-салтанат пен имиджге қатысты іс-шаралар кейінге қалдырылмақ. Президент лауазымына кіріскелі тұңғыш рет Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізген Қасым-Жомарт Тоқаев атқарушы билік қызметінің басым міндеттерін белгіледі.



Жиынға Премьер, Президент Әкімшілігінің басшысы, Үкімет мүшелері, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері, Қазақстан Президентіне тікелей бағынышты орталық меморандар басшылары қатысты. Отырыста Қазақстанның 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары шығарылды. Үкімет мүшелерінің және әкімдердің баяндамаларын мұқият тыңдаған Мемлекет басшысы алда өте маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті.

— Бұл ең алдымен, еліміздің даму көрсеткіштеріне байланысты. Негізгі міндет — осы қарқынды одан ары арттыру. Биылғы бірінші жартыжылдықта Қазақстанда экономикалық өсім 4,1 пайызды құрады. Инфляцияның жылдық көрсеткіші 5,4 пайыз болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 11,7 пайызға өсті. Халықты толғандырған өзекті әлеуметтік мәселелер бойынша нақты шаралар қабылдануда, — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Оның байламынша, мемлекеттің басты мақсаты — азаматтардың табысы мен тұрмыс деңгейін арттыру.

— Біздің жұмысымыздың ең маңызды көрсеткіші — халықтың нақты табысы 6,3 пайызға өсті. Дегенмен тоқмейілсуге болмайды. Алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Бұдан бөлек, дүниежүзіндегі санкциялар, сауда нарығындағы қаттығыстар, протекционизмнің ұшығуы еліміздің өркендеуіне де айтарлықтай ықпалын тигізуде. Сондай-ақ серіктес елдер экономикасының қазіргі ахуалы да бізге әсер етеді. Халықаралық сарапшылар әлем-

дік экономиканың дамуы күрделі кезеңде екенін айтуда. Осындай сын-көздерге қарамастан, ең басты міндетті жүзеге асыруымыз керек: бұл — жұмыс орындарын ашу. Дәл осы көрсеткіш бірінші орында болуы керек! — деп нықтады Мемлекет басшысы.

Себебі, онсыз да аз отандық жұмыс күші — еңбекке қабілетті өр азамат лайықты жұмыспен қамтылса ғана халықтың әл-ауқаты жаппай жақсарып, экономиканың орнықты өсімі жалғасады.

— Тек экономиканың жай-күйі ғана емес, сонымен қатар мемлекет-

тіміздің ішкі тұрақтылығы да жұмыс орындарын құру мәселелерін шешуге тікелей байланысты болады. Сіздер мұны жақсы түсінуге тиіссіздер. Сондықтан Үкіметтің, әкімдердің қызметінің нәтижелерін қарау кезінде бұл көрсеткіш бірінші кезекте есепке алынады. Сіздер күн сайын әр өңірде, әр елімізде жұмыс орындарын ашу мәселелерімен шұғылдануға тиіссіздер. Осы түйткіл шешілмей, біз қиын жағдайдан шыға алмаймыз! Әзірге аталған проблема лайықты шешімін таппай отыр, — деп ашығын айтты Қ.Тоқаев.

Оның бағалауынша, саладағы Үкіметтің басты құжаты — «Еңбек» бағдарламасы «тоқырауға ұшыраған» яғни Қазақстанда жұмыссыздықтың қысқаруы қарқынды жүрмеуде. Мемлекет басшысы Премьерге бұл мәселеге жіті назар аударуды жүктеді.

Дағдару белгілері байқалған тағы бір сала ретінде индустрияландыру аталды. Сән-салтанатпен ашылған біраз жана кәсіпорын ізінше өнімін өткізер нарық таппай, болмаса не шикізат көзіне, не қаржы ресурстарына қол жеткізе алмай, тоқтап қалып жатады.

— Индустрияландырудың алдыңғы бағдарламаларына объективті талдау жүргізу және жүйелі проблемаларды анықтау қажет. Ондай проблемалар бар! Олар туралы үндемей, жауырды жаба тоқудың қажеті жоқ. Басты проблемалардың бірі — жете қаржыландырмау. Мысалға, 2018 жылға арналған индустрияландыру ісі қаржымен тек 35 пайызға ғана қамтамасыз етілген. Нәтижесінде, стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізу ісі де кейінге ысырылады. Бұған жоспарлаудың төмен сапасы да кесірін тигізуде. Салдарынан, жай ғана ізгі ниеттер мен жақсы тілектер бағдарламасына айналып кетті. Бағдарлама оның жобалары қажетті көлемде қаржыландырылатындай етіп, жоспарлануға тиіс, — деген Қасым-Жомарт Кемелұлы индустрияландырудың үшінші бесжылдығына көшпес бұрын шынайы талдау негізінде проблемаларды анағұрлым тиімді шешу жолдары ұсынылуы кергін нұсқады.

(Жалғасы 2-бетте)



Ақпарат

## ӘКІМДЕР ӘЛІН БІЛСІН, ЕЛ-ЖҰРТТЫҢ ХАЛІН БІЛСІН...

Мемлекет басшысы Ақордада облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді.

Қазақстан Президенті өз сөзінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шұғыл шешу

үшін әкімдердің алдына бірқатар міндет қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер корпусына халықтың талаптарын жүйелеуді және оларды шешу үшін жан-жақты жұмыс жүргізуді, сондай-ақ олардың қажеттілігі өңірдің әлеуметтік жол картасында көрініс табуы керек екенін тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, өңірлік билік облыстар мен қалалардағы тұрақтылық үшін жауапкершілікті өздеріне алуы тиіс.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті алдағы астық жинау науқанына дайындық жұмыстарын жүргізуді, дала мен орман өрттерін ескерту және оның алдын алу шараларын

қабылдауды, сондай-ақ жылу беру маусымына әзірлік жүргізуді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонында Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі қойылған барлық міндеттің іске асырылуын бақылауды Президент Әкімшілігіне жүктелді.

Ләйлім-Шырақ есімді 9 жастағы мектеп оқушысы ұлы ақын Абай өлеңдерінен үзінді оқып, бұл эстафетаны жалғастыруды Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа жолдады. Мемлекет басшысы бұл істің ұсынысын қабыл алып, Абай өлеңін жатқа айтты. Тоқаев эстафетаны ары қарай екі министрге және Димаш Құдайбергеге жолдады. Оның арты Абай өлеңдерін шет мемлекеттер азаматтарының оқуына жалғасты.

## ҰЛЫҚ АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАУ

Нұрғәре ЖҮСІП

Қазір кейбіреулер «Абайдың өлеңдерін тақылдатып жаттап алып оқудың керек пе?», «Абай өлеңдерін жүрекпен оқу керек» деген пікірде. Талас жоқ: Абайды әркім өз қал-қадерінше түсінеді, қабылдайды, ұғынады. Әнгіме ұлы ақынның жырларын мәнерлеп оқуда тұрған жоқ!

Абай өлеңдері әлемді шарлап жүр. Мәселен, ресейлік белгілі медиа-тұлғалар Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған эстафетаны іліп әкеткенінің өзі неге тұрады?! Муз-ТВ телеарнасының бас директоры Арман Дәулетияров эстафетаны Ринат Гайсин мен Нұрболат Абдуллиннен қабылдаған екен. Ол Абайдың «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңінен үзінді оқыды және эстафетаны ресейлік әнші Валерияға, продюсер Иосиф Пригожинге, Евгений Плющенко мен Ана Рудковскаяға, Қазақстанда Алтай Көлгінов пен Бауыржан Байбекке жолдады. Өз кезегінде танымал әнші Валерия ұлы Ақынның «Не упивайся праздной красотой» өлеңін орыс тілінде оқыды және эстафетаны Лера Кудрявцеваға жолдады. Продюсер Иосиф Пригожин «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін орыс тілінде оқыды және кезекті А-Студио тобының жетекшісі Байғали Серкебаевқа ұсынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жолдаған эстафетаны Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова қабыл алып, Абай Құнанбайұлының өлеңінен үзінді оқыды. Димаш Құдайбергенов Игорь Крутойға эстафета жолдаған болатын. Продюсер араға бір күн салып, Абай өлеңін орыс тілінде оқыды. Абай өлеңінен үзінді оқуды ары қарай Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жалғастырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаев «Таңшолпан» ақпараттық-сазды бағдарламасы арқылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарапынан қолдау тапқан Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ақын өлеңдерін оқу эстафетасына этнос өкілдерін көптеп тарту туралы келісім жасалды.

Осының бәрі айналып келгенде, Абайды ұлықтау. Қашан кезекті мерейтойы болады деп күтіп отырмай, Абай жырларын алыс және жақын шет мемлекеттерге насихаттаудың ең әдемі тәсілі табылғанына қуануымыз керек.

Алайда, бір «әттеген-айды» айтпасқа амал жоқ. Абайды оқыған дұрыс! Бірақ Абай өлеңдерін осы заманға бұрмалап өзгертудің қажеті жоқ деп есептеймін! Кей замандастарымыз ойшыл ақынның өлеңдерін сатира мен сықақ тақырыбына орайлатып, өзгертіп қолдана бастады. Бұл үрдіс жалғасса, Құнанбайұлының құнын қолдан түсіріп жібереміз. Көрінген адам Абайды келекесіне, аяуға айналдыруына болмайды!



• **Үкімет отырысы**

# Қасым-Жомарт Тоқаев: БІЗГЕ ТОҚМЕЙЛСҮГЕ БОЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік сектордағы үйлесімсіз істерді де қатан сынға алды.

— Сала инвесторлар үшін сол баяғыдай тартымды бола алмай отыр. Ауыл шаруашылығына тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің бар-жоғы 1 пайызы ғана келген. Бұл — өте алаңдатарлық көрсеткіш. Барлық халықаралық қаржылық институт бірауыздан ауыл шаруашылығында Қазақстанның орасан зор әлеуеті барлығын айтады. Алайда саланың арбасы ілгері баспады. Демек, біз — нашар басқарушымыз! Басқаша байлам жасау мүмкін емес. Алдағы 5 жыл ішінде ауыл шаруашылығында, шын мәнінде, серпін жасауға тиіспіз. Мұны көңілдеріңізге тоқып алыңыздар, — деген Қазақстан Президенті агроөнеркәсіптік салаға инвестиция тарту бойынша тиімді жұмысты жолға қою міндетін белгіледі.

Бұған қоса, Үкіметке «Қазақ Инвестмен» бірлесіп, алдағы 3 жылда осы секторға ірі әрі өлемдік танымал корпорацияларды тарту жүктелді. Ал шығынды «ҚазАгро» холдингі реформаланады.

К.Тоқаев мемлекеттік қолдау шарттарының жиі өзгері беретініне аграршылардың шағымданауының хабарлады. Бұл бағытта бірізділіктің және сабақтастықтың жоқтығы ауылдық бизнеске дұрыс әрі ұзақмерзімді инвестициялық шешімдер қабылдауға кедергі болады, агрокасіптің тартымдылығы мен табыстылығын төмендетеді, кәсіпкерлердің болашаққа сенімін жояды.

— Қазақстан — аграрлық-индустриалдық ел. Мұны әрдайым есте ұстаған жөн. Сол себепті, Үкімет ауыл шаруашылығы саясатының қысқа және ұзақмерзімді нақты басымдықтарын түзуге және солар негізінде мемлекеттік қолдау құралдарын тұрақтандыруға тиіс. Өйтпесе, олар жұмыс істемейді. Ауыл шаруашылығы — басқаруында сабақтастығы жоқ жалғыз сала. Кезінде ауылға арнап, қаншама бағдарлама қабылдадық, қаншама уәдені тындадық. Әрбір министр тек соның бағдарламасы ғана дұрыс екеніне сендіріп бақты. Содан не шықты? Гербицидтерді субсидиялау мен тұқым қорын жанартудың тиімділігіне, техника паркінің тозуына, агротехнологиялардың сақталуына және басқасына қатысты сұрақтар туула, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Быттыр ауыл шаруашылығының өңделген өнімдерін экспорттаудың жоспарлы көрсеткіштері небәрі 37 пайызға ғана орындалыпты.

Мемлекет басшысы аймақ басшылары отандық және шетелдік инвесторға шектен қарамай, әдептен аспай, келіссөздерді іскерлік ауаңда жүргізуге үйренуі керектігін қатаң айтты.

— Қазақстанда инвестиция саласында тек жаһандық деңгейде ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия өңірінде де салмақты бәсекелестік күтуде. Мемлекетіміз әрдайым биік тұғырынан көріне білуі керек. Тұғырдан таюға жол бере алмаймыз. Біз тек ілгері қозғалуымыз қажет. Мен әкімдерге қайырыламын: сіздер өңірлерге инвестиция тартуға міндеттісіздер. Инвесторлар делегацияларын қалай қабылдағандарыңызды кейде теледидардан байқап қаламын. Бұларыңыз жарамайды: төрге, үстел басына өздеріңіз жайғасып аласыздар, ал бизнесмендерді өздеріңізден 2-3 метр қашықтыққа, төменге отырғызасыздар. Өздеріңізді әлдебір князьдіктің билеушісі ретінде ұстайсыздар. Инвестицияға сіздер емес, бизнесмен мұқтаждай көресіздер. Әрине, оларға жөнсіз жалбақтаудың да қажеті жоқ. Барлығы тек іскерлік ауаңда өтуі тиіс! — деді К.Тоқаев.

Ол жергілікті шенеуніктердің инвестордан пара дөметуіне де жол берілмейтінін нықтады. — Егер кімде-кім осындай әрекетімен көзге іліксе, бұрынғы сінірген еңбегіне, жұмыс тәжірибесіне қарамастан, әкімдер қатан жазаланатын болады. Мен алдын ала ескертіп отырмын. Өйтпесе, инвесторлар қандай да бір облысқа инвестиция салуға барса, жергілікті билік органдарының әлдебір түсініксіз талаптарына кезігетінін шағымдануда, — деді ел Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік саладағы үйлестіру ісі күшейтілетінін мәлім етті. Өйтпесе, мәселен, бір қалада зейнеткерлер мен мүгедектер автобусты тегін жүреді, ал басқасында тұрғындардың осы санаты мұндай көмектен қалыады. Бір ауылда қарттарға отын жеткізіледі, ал өзгесі ондай жәрдемді қарастырмайды. Енді осының бәрі бірыңғайландырылмақ.



— Бүгінде өңірлер әлеуметтік көмектің аралуан түрін әрқалай көрсетеді. Сәйкесінше, қазақстандықтар әр өңірде көмектің әрқалай түрі мен мөлшерін алады. Мемлекеттің қолдауы, осылайша, қырық құрақ көрпеге ұқсап кеткен. Ал біз Ата заң бойынша федеративтік емес, унитарлы мемлекетпіз! Үкіметке тұрғылықты жеріне қарамастан, азаматтарды әлеуметтік қолдаудың кепілдендірілген көлемінің бірыңғай тәсілімен аяқталуына қамтамасыз етілуі тиіс. Өйтпесе, олар жұмыс істемейді. Ауыл шаруашылығы — басқаруында сабақтастығы жоқ жалғыз сала. Кезінде ауылға арнап, қаншама бағдарлама қабылдадық, қаншама уәдені тындадық. Әрбір министр тек соның бағдарламасы ғана дұрыс екеніне сендіріп бақты. Содан не шықты? Гербицидтерді субсидиялау мен тұқым қорын жанартудың тиімділігіне, техника паркінің тозуына, агротехнологиялардың сақталуына және басқасына қатысты сұрақтар туула, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жұмыс барысында Қазақстан Президенті 10 тамызға дейін Арыстағы жарылысқа қатынастың барлығын жазалау бойынша ұсыныстар енгізу жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ әскери ведомствоға бақылауды әлсіреткені және жарылысқа жол берілгені үшін Қорғаныс министрі Н.Ермекебаевқа қатан сөгіс жариялады. Өз кезегінде Премьер-министр Аскар Мамин Президент қойған барлық міндеттер уақытылы жүзеге асырылатынына сендірді.

— Экономиканың сапалы және тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында инвестицияларды белсенді тартуға; өнімді жұмыс орындарын құруға; экономиканы әртараптандыруға; өнімділікті өсіруге және экспортты дамытуға бағытталған барлық қажетті шара қабылданатын болады. Үкімет қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған сіздің тапсырмаларыңыз бен бастамаларыңызды уақытылы және сапалы орындау бойынша жұмысты жалғастырады. Бұл ретте Үкімет барлық қажет шараны ұйымдастыруда, — деді А.Мамин.

Оның мәліметінше, ел экономикасының өсу қарқыны биылғы 6 айдың көрсеткіштері бойынша 2,9%-дан 4,1%-ға дейін жылдамдапты. Өсудің қозғаушы күштері ретінде өнеркәсіп, құрылыс, көлік, сауда және ауыл шаруашылығы салалары танылды.

14 өңірде өнеркәсіптің өсуі қамтамасыз етілген. — Негізгі капиталға инвестициялар 11,7%-ға ұлғайды, оның ішінде жеке инвестициялар 13%-ға өсті. Бұл көрсеткіштер Қызылорда, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында жоғары. Ал Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында және Маңғыстау облысында бұл көрсеткіштер төмендеп отыр. Құрылыс қарқыны Қызылорда, Қарағанды және Атырау облыстарында жоғары. Бірақ 4 өңірде өсім қамтамасыз етілмеген. Бұл — Шымкент, Нұр-Сұлтан қалалары, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары, — деді Үкімет басшысы.

Сыртқы сауда айналымы 5 айдың ішінде 3,3%-ға артып, 37,2 млрд долларды құрады.

Мемлекеттік бюджет кірісі өткен 6 айда 4 трлн 379 млрд теңгеге жеткен, яғни жоспардан 148 млрд теңгеге артық. Бұл былтырғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 730 млрд теңгеге немесе 20%-ға көп.

Мемлекеттік бюджет шығыстары осы жылғы 1 шілдеге дейін 6 трлн 342 млрд теңге болды.

— Еңбек нарығы тұрақты. Биылғы бірінші жарты жылда жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрады. 186 мың жаңа жұмыс орны құрылды, оның 126 мыңы — тұрақты, — деді Аскар Мамин.

Ол Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру үшін Үкімет 7 басымдықты бағыт бойынша жүйелі шаралар кешенін қамтитын «Жаңа күн тәртібі» әзірлеп, жүзеге асыруға кіріскенін хабарлады. Оның «Үдемелі экономика — баршаның игілігінің негізі» деп аталатын бірінші бағыты — жаңа жұмыс орындарын құруға, инвестициялардың көлемін орта есеппен 20%-ға арттырып, оның деңгейін 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 30%-ына дейін жеткізуді көздеп отыр. Тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық көлемін қазіргі 24 млрд доллардан 2025 жылға қарай 34 млрд-қа дейін жеткізбек.

Екіншіден, Үкімет бизнес-қауымдастықпен бірлесіп «Индустрия 4.0» технологияларын енгізу арқылы өндірісті өрістетуге, экспорт географиясын кеңейту, өңдеуді тереңдету, оның ішінде трансұлттық компанияларды тарту арқылы өндірістің жаһандық тізбегіне ену бойынша негізгі салаларды дамыту стратегиясын қайта қарастырады. Бұл 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін 1,7 есеге, ал экспортты 1,5 есеге астамға арттыруға мүмкіндік бермек.

Үшіншіден, экономиканы цифрландыру қолға алынуда. Тау-кен металлургиясы, өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында цифрландыру шығындарды төмендетуге және еңбек өнімділігін 1,5 есеге арттыруға жол ашлады.

— Облыс әкімдіктерімен бірлесіп, 6 454 ауылдық елді мекен арасынан тұрғындар санының динамикасына, экономикалық көрсеткіштеріне, тиісті инфрақұрылымның болуына қарай даму әлеуеті бар 3 387 ауылдан тұратын инфрақұрылым қарастырылды. «Ауыл — ел бесігі» жобасы тірек және серіктес ауылдардың инфрақұрылымын басымдықты қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Бұл бюджеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін және 2025 жылға қарай ауылдықтардың 85%-ның өмір сүру сапасын арттырады. 2019 жылы 700 мың адам тұратын 53 ауылдың инфрақұрылымы жаңғыртылып, 4 700 жаңа жұмыс орны құрылады, — деді Премьер.

Үшінші бағыт — табысты кәсіпкерлікке, төртіншісі — тиімді мемлекеттік басқаруға, бесіншісі — тиімді әлеуметтік әл-ауқат жүйесін қалыптастыруға бағытталды. Алтыншы бағыт «Білімді ұлт: баршаға арналған қазіргі білім беру стандарттары» деп аталады және оның аясында жыл соңына дейін Білім беру мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа мембағдарламасы бекітіледі. Онда үш ауысымдық мектептер мәселесін шешу, бітірген 500 мектеп салу, МЖӘ тәтігімен 3 мыңға жуық жаңа балабақша ашу жоспарланады.

Жетіншісі — «Салауатты ұлт: медициналық қызметтер сапасы мен қолжетімділігі» бағытында барлық қаржыландыру көзі арқылы денсаулық сақтауды қаржыландыруды 2024 жылға қарай ЖІӨ-нің 5%-на дейін жеткізу көзделген. Қабылданған шаралар нәтижесінде 2025 жылға қарай қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы 73 жастан 75 жасқа дейін ұлғаяды деп күтілуде.

• **Сарап**

Кейде қоғамға деген қыжылы, мемлекетке наразылығы, айналада болып жатқан үдерістерге көңіл толмастығы бар адамдардың елдік мәселені де тәрк етіп қөтетіні бар. Дәл осындай жандардың көбеюі салдарынан қоғамымыз сақтар мен ғұндар дәуірінде, көк түріктің тұсында, қазақ хандығы заманында, бөртіндегі ақтар мен қызылдар қақтығысында ұлттық мүддені аяқасты етіп, бөрекесі көтіп, жік-жікке, жан-жаққа бөлініп, жауларына жем болды.

# ТЕНГЕНІҢ СЫҢҒЫРЫ АЛТЫННАН ДА ҚЫМБАТ

Сол сияқты тәуелсіздігіміздің тірегі, мемлекеттілігіміздің рәмізі, экономикамыздың маңызды ұстыны саналатын ұлттық валютамызды тәрк етуге, оның беделіне нұқсан келтіруге тырыса-тындар, сондай-ақ бірер жыл бұрын бір-екі рет талқыланып ұмытылған Еуразиялық одақтың ортақ валютасы идеясын қайта жаңғыртып, соны бері төндіріп қоятындар көбейді.

Таяуда әлеуметтік желілерде, сонымен қатар WhatsApp және басқа да мессенджерлер арқылы «Қазақстан 2019 жылғы тамыздан бастап, жаңа валютаға — алтынға өтеді» деген жалған хабарлама таратылды. Аудиохабардағы белгісіз дауыс қазақстандықтарды шұғыл түрде теңгедің бар жинақ ақшасын долларға айырбастауға, болмаса, оған автокөлік, пәтер және басқа да дүниелерді сатып алуға немесе кредитке алуға шақырады.

Бұл сыбысқа былайғы жұрт түгелі, кейбір сарапшылар да сеніп қалды. Мұндай шешім 29 мамырда елордада өткен Еуразиялық одақтың саммитінде қабылданған болар деп жорамал құрғандар да болды. Осыған байланысты астана-намыздағы Тәуелсіздік сарайында ұйымдастырылған Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің аталған жиыны аясындағы келіссөздерге қатысқан Ұлттық экономика вице-министрі Жасұлан Мәдиевке сауалмен жүгінді.

Вице-министр осы саммит ЕАЭО туралы шартқа қол қойылып, бірлестіктің құрылғанына бес жыл толуы мерейтойына арналғанын, онда одақ аясында бірыңғай валютаға көшу туралы

түкпіріне тентіретіп жіберіп, орнын «алтынға» әперетін ескертудің бір бөлігі сол өкпеден туындайтын болар. Бірақ девальвацияға теңге айыпты ма? Бұл проблемаға Ұлттық банктегілер, сонымен қатар отыз жылдай уақыт ішінде экономиканың мұнайға тәуелділігін көп төмендеті алмаған, өңдеу саласын өркендеті алмаған салалық шенеуніктер жауапты болса керек.

«Доллар мықты екенін және ешқашан құнсызданбайтынын да түсінді, ендеше бірде долларға, дүрбелең басылғасын қайталан теңгеге ауыстырып жүргенше, неге ұлттық валюта дегеннен бас тартып, АҚШ валютасына түбегейлі көшіп алмаймыз!», — деп күйінеді бір ағамыз.

Төрткүл дүниеде оның да үлгі-тәжірибесі бар. Әлемде қос мемлекет — Зимбабве мен Экватор төл валюталарынан толығымен айырылған. Демек, ұлттық валютадан бас тарту — қандай қиындықпен келген тәуелсіздікті нығайтудан бас тартуды, азат тіршілік үшін ұлттық күресте түбегейлі жеңіліп, біреудің қолжаулығына айналуды білдіреді.

«ЕАЭО-ның ұлттық валютасы» да Кеңес одағындағы «рубль-сом» жүйесіне өте ұқсас болмақ, яғни, Мәскеуге тәуелділікке орау деген сөз. Ондайдың болмай-тынын еліміздің бас қаржыгері де айтып отыр.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары — қаржы министрі Әлихан Смайылов «алтынды сн-гізу» туралы үрейлі сөздерді бұ-

жемқорлықпен күреске, тұтастай алғанда, мемлекеттің халықтың әл-ауқатын көтеру саясатына тікелей қатысты.

Теңге азаттықтың алғашқы жылдарында, 1993 жылы Елбасының тұн ұйқысын төрт бөлген ерен еңбегі арқасында айналысқа енгізілгеннен кейінгі ширек ғасыр ішінде тіпті бірқатар валюталар жүзжылдықтар ішінде жүріп өткен жолды еңсерді.

Теңге бүгінде өзіне жүктелген тарихи рөлі мен миссиясын атқарып келеді. Ол ұлттық экономикамыздың өне-бойына қан жүгіртер «құрғамырға» айнала алды. Ол экономиканы даму релсіне түсірді, қажетті ырақ берді. Балалық шағы мен ересек өмірі қалпымен Кеңес Одағы кезеңінде өткен аталарымыз бен әжелеріміздің өзі енді 90-жылдардағыдай өзара өңгімеде «бәленбай сом» деп жанылыспайды. Барша қазақстандықтар, сондай-ақ бүкіл халықаралық қаржылық орта үшін «теңге» деген сөз құлақ отықп, көз үйреністі ұғым саналады.

Теңгеміз тоқсаншы жылдардың талай тезі мен сынағынан өтті. Тоқыраған кезі де болды, бірақ жүреlep қалмады, қайта енесі тіктелді.

Теңгенің құнсыздану көрсеткішін көршінің рублімен салыстырып, ұлттық валютаны сөгерлік мін тауып жататын отандастарымыз жетерлік. Көпшілік біле бермес, рубль ақшалай бірлік ретінде алғаш рет 1316 жылы «Новгородская грамотада» мәлімделген. Сондықтан 2016 жылы Ресей төл валютасының 700 жылдығын атап өтті. Ендеше, жеті



шешім қабылданбақ түгіл, ондай мәселе күн тәртібіне де шығарылмағанын айтады. Яғни, саммитке сілтеу жөнсіз.

«Алтын» туралы фейк-акпаратқа қатысты Ұлттық банк те үн қатып, мұны «экономикалық диверсия» деп бағалады.

— Ұлттық банк «Қазақстанның 2019 жылғы тамыздан бастап, жаңа валютаға — алтынға өтетіні» жайындағы ақпараттың экономикалық диверсияға шақыратын дәйексіз, арандатушылық ақпарат екенін ресми түрде хабарлайды, — деген қаржылық реттеуші қазақстандықтарға өтінішпен жүгіндіп, аудиохабарлардағы дауысты таныған жағдайда, телефон нөмірі, facebook және басқа да әлеуметтік желілер арқылы Ұлттық банкпен байланысуын сұрады.

Ерболат Досаевтың ұжымы қасакана жалған ақпаратты әзірлеген авторлар мен таратушыларды анықтау мақсатында құқық қорғау органдарына да жүгінген көрінді.

«Қайта жауған қар жаман, қайта шапқан жау жаман» дегендей, бұл бірінші жағдай емес: дәл осындай жоққа шығару мәлімдемесін қаржылық реттеуші кезекті фейк-хабарға орай биылғы 6 маусымда да жасауға мәжбүр болған-тын.

XIX ғасырдың басында француз саяси қайраткері, әділет министрі Антуан Жак Клод Жозеф Буле де Ла Мёрт: «Бұл — қылмыстан да жаман, бұл — қателік!» (C'est pire qu'un crime, c'est une faute) деген екен. Соны қайталағаннан басқа амал жоқтай.

Дүркін-дүркін девальвацияға ұшырай беретіндіктен, бұқара халықтың ұлттық валютаға деген өлкесі «қара қазандай» екені құпия емес. Әлгіндей теңгені тарих

рынғы заманда дүмше молдалар елді қорқыту үшін айтатын мағанан жайындағы сандыраққа» тенеілді.

— Еуразиялық одақ аясында «алтын» деп аталатын ортақ валютаны енгізу туралы тақырыпты базбір тұлғалар әдейі әрі ұдайы түрде қозғай береді. Ол — ақырзаман туралы қауесеттер қатарындағы өңшейін аңгіме. Ұйымға мүше елдерде бірыңғай валюта ендіру мәселесі ЕАЭО аясында ешқашан қаралмағанына сіздерді сендіргім келеді. Ол мәселе Еуразиялық экономикалық одақтың күн тәртібінде тұрған жоқ! — дейді Ә.Смайылов.

Ол 2014 жылғы 29 мамырда қол қойылған, қазір қолданыста жүрген ЕАЭО туралы шартта еуразиялық интеграцияның бағыттары көрсетілгенін еске салды. Осы келісімде де, басқа негізқұраушы құжаттарда да бірыңғай валюта енгізу қарастырылмаған екен.

— Әр елдегі ақша-кредит саясаты — толығымен ұлттық органдар қузырында. Алтын аталсын, басқаша атау берісін, қандай да бір ортақ валютаны ендіру — елдің тәуелсіздігінің бір бөлігін жоғалту дегенді білдіреді. Бұған жол берілмейді. Қазақстан өзінің ұлттық валютасын сақтайды. Ұлттық банк тәуелсіз ақша-кредиттік саясатын жүргізуді одан ары жалғастырады, — деп нықтады бірінші вице-премьер, бас қаржыгер Әлихан Смайылов.

Қазақстандықтар теңгеге қатысты тек бір жайтқа ғана «өкпелей» алса керек: әмияндағы теңгенің саны үнемі жеткілікті түрде көп бола бермейді. Бірақ бұл — еңбек етіп, табыс табуға, біліктілікті көтеруге, мансап бөлінісін жоғарылауға, мемлекеттік қызметтегі жікшілдікпен және

ғасыр бойы күш жиған рублінің небәрі 25 жастағы балан теңгемем қатарласа құлдырағанына ұялса, ресейліктер ұялуы керек.

— Сіздердің ұлттық валюталарыңыздың атауы орыс тіліндегі «деньги» деген сөзден алынған, — деп «жаналық» ашты халықаралық форумға келген ресейлік әріптестердің бірі.

— Ал деньги сөзінің түп-төркіні, этимологиясы қандай екенінен хабарың бар ма? — деймін оған. «Қазір!» деп, смартфонна сүзілген ол: «Энциклопедияларда деньгидің түріктің «теңге» сөзінен шыққаны айтылады», — деп сабасына түсті.

Негізі, теңгеге қатысты кең ауқымды, халықаралық деңгейдегі «түсіндіру жұмыстары» жетіспейді. Пиарын халықаралық деңгейде келістірсе, оны голливудтық фильмдерде жақсы сипатта, оң формада паш етсе, ұлттық валютамыздың имиджі артып, оның мультипликативтік тиімділігі де зор болар ма еді! Әлемдік аренада бедел-ажары бекемделген ұлттық валютамызға қатысты қазақстандықтарда мақтанш сезімі қайта туып, сенімі нығайтып, бұл долларсыздандыру үдерісіне серпін беруі ықтимал.

Төл валютасын әлемдік деңгейде насихаттаудың кинематографиялық тәсілін алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі қолданады. Мысалы, үнді фильмдерінде басқа түгіл бандиттердің өзі банкті не басқасын тонағанда, долларды емес, үнді рупийін беруді талап етеді. Ал біздің киногерлер болса, теңгеге түсірілген туындыларында кейіпкердің ауқатының белгісі ретінде сол бұрынғыдай есмондан толы АҚШ валютасының мұлажын көрсеткеніне мәз болып жүр.